



ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі,  
т.ғ.д., профессор Т. Омарбековтің туған күніне және  
Қазақстандағы «саяси құғын-сүргін құрбандарын»  
еске алу шарасына орай

**«ОМАРБЕКОВ ОҚУЛАРЫ» атты  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

29 мамыр, 2024 жыл

**МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
**«ОМАРБЕКОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,**  
приуроченную ко дню рождения  
историка, академика Академии общественных наук РК,  
д.и.н., профессора Таласа Омарбекова, и ко дню памяти  
«жертв политических репрессий» в Казахстане

**MATERIALS**

of the international scientific-practical conference  
**«OMARBEKOV READINGS»,**  
dedicated to the birthday of the historian,  
academician of the Academy of Social Sciences of the  
Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences,  
Professor Talas Omarbekov, and on the day of remembrance of  
«victims of political repression» in Kazakhstan

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, т.ғ.д., профессор  
**Т. Омарбековтің туған күніне және Қазақстандағы «саяси құғын-  
сүргін құрбандарын» еске алу шарасына орай «Омарбеков оқулары»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

29 мамыр, 2024 жыл

### **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
**«Омарбековские чтения», приуроченную ко дню рождения историка,  
академика Академии общественных наук РК, д.и.н., профессора  
Таласа Омарбекова, и ко дню памяти «жертв политических  
репрессий» в Казахстане.**

29 май, 2024

### **MATERIALS**

of the international scientific-practical conference  
**“Omarbekov readings”, dedicated to the birthday of the historian,  
academician of the Academy of Social Sciences of the Republic of  
Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences, Professor Talas Omarbekov,  
and on the day of remembrance of “victims of political repression”  
in Kazakhstan**

May 29, 2024

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2024

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5Каз)  
Қ 18

## Жалпы редакциясының басқарған

Тұймебаев Ж.Қ. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма төрағасы-ректоры

### Жауапты редакторлар:

- Айтжанова Ж.Н.** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Ғылыми  
инновациялық қызмет жөніндегі департамент  
директоры
- Байгунаков Д.С.** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих факультетінің  
деканы, т.ғ.д., қауымдастырылған профессор
- Кәрібаев Б.Б.** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы  
кафедрасының менгерушісі,  
ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор
- Сүйінова А.Т** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих факультеті  
деканының ФИЖ және ХБ жөніндегі орынбасары,  
аға оқытушы

### Құрастыруышы

**Арынов Ж.М.** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасы  
менгерушісінің ФИЖ және ХБ жөніндегі орынбасары, т.ғ.к.,  
аға оқытушы

ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, т.ғ.д., профессор Т.  
Омарбековтің туған күніне және Қазақстандағы «саяси құғын-сүргін құрбандарын» еске  
алу шарасына орай «Омарбеков оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның материалдар жинағы. Алматы, 29 мамыр 2024 ж. - Алматы: Қазақ  
университеті, 2024. – 219 б.

**ISBN 978-601-04-6782-8**

ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, т.ғ.д., профессор  
Т. Омарбековтің туған күніне және Қазақстандағы «саяси құғын-сүргін құрбандарын»  
еске алу шарасына орай «Омарбеков оқулары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференция жинағына шетелдік және отандық ғалымдардың Отан тарихының өзекті  
мәселелері және Талас Омарбеков: өмірі мен шығармашылығы; Қазақ этногенезінің  
мәселелері; Кеңестік дәуірдегі аштық және саяси құғын-сүргін мәселелері; Отан  
тарихындағы тарихи тұлғалар; атты тақырыптарға арналған зерттеулер топтастырылды.

Жинақ тарихшы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне және  
тарихқа қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған. Баяндама мәтіні мен  
мазмұнындағы қателер үшін автор жауапты.

**ISBN 978-601-04-6782-8**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

# **ОТАН ТАРИХЫНЫң ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛАС ОМАРБЕК: ӨМІРІ МЕН ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ**

## **ТАЛАС ОМАРБЕК: ҒҰМЫРБАЯН ГИБРАТТАРЫ**

**Ж. ДӘДЕБАЕВ,**

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,  
филология ғылымдарының кокторы, профессор*

Талас Омарбекұлы (29.05.1948 - 6.12.2021) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғұлама тарихшысы, ұлағатты ұстазы, қазақ ғылыминың, қазақ қоғамының аса көрнекті қайраткері, көсем сөздің жүйрігі, туған тарихымыздың аса көрнекті қайраткері еді.

Талас Омарбекұлы талайғы Таластың бойында, әлемге әйгілі елдімекен, қабырғасы алып тастандардан қаланған атақты Ақыртас қамалының іргесінде, ортағасырлық Түймекент шаһарының түбінде, Әулие ата Қарахан мен Айша бибі аңызының сырлы сазы ескен Тараз өлкесінде дүниеге келді. Көзін ашқанда көргені Ақыртас болды, көңілін ашқанда білгені құм астында қалған Түймекент болды. «Тарихпен көзін ашқан» дегенді жұрт осындағы жағдайға байланысты айтқанға ұқсайды. Осындағы терең түбінен тұнған телегей тарих кеңістігінде дүние есігін ашқан, бала кезінен байырғы Тараз өнірінің сан түрлі, қат-қабат тарихынан хабардар болып, олардың құпиясын тереңірек білсем деген арман құған жас туған тарихымыздың тұрлаулы тұлғасы, әйгілі жылнамашысы болып қалыптасты. Мынға жуық ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектер жариялады, олардың ішінде 30-дан астам іргелі монографиялық зерттеулер, 20-дан астам оқулықтар мен оқу құралдары бар. Таңдамалы еңбектері Канадада, Үндістанда, Германияда, Түркиеде, Ресейде және басқа елдерде жарық көрді. Халық игілігі үшін жоғары білімді жас мамандардың бірнеше буын легін оқытып, тәрбиеледі, 30-дан астам ғылым кандидаттарын, 10-нан астам ғылым докторларын даярлады. 2015 жылы Тәуелсіз аккредитация және рейтинг агенттігінің (НААР) шешімімен Қазақстандағы ең үздік 30 оқытушы-профессор қатарында дараланды. Жаңа ғылыми-зерттеу бағытын ашты, ғылыми мектеп негізін қалады.

Мен 1991 жылдан бастап Тәкенің ыңғайына бейімделіп, тарихтың құлы кезеңдерінен, өнірдің тауы мен даласының, сұры мен шөлінің тарихынан мәлімет алғым келіп тұратын болым. Жақынырақ біліскеңде, Тәкең өзім өмір-тарихын арнайы зерттеген Байзак датқаның тұяғы болып шықты. Байзак датқаның өмір жолының қаһармандық белестері мен трагедиялық еңістері, тағдыр-талайы қайталанбас даралығымен ерекше. Ол ерекшелікті толғанбай, ойланбай қабылдау мүмкін емес... Осыдан соң-ак Тәкеңе айрықша ықыласпен қарайтын болым.

Тәкенің туған жеріндегі Ақыртас туралы ертедегі дерек көздерінен ізден жүріп бірталай аңыз таптым, Түймекент аңыздарынан жинағандарым да біршама, Шөлтөбе аңызын да тебіренбей оқу мүмкін емес. Бәрі де ертеректе

хатталған, баспа жүзін көрген дерек көздерінен. Олар маған ыстық көрінеді. Аңыздар алқабында Таластың басынан, Ақыртастың қасынан, Тұймекенттің түбінен тұлғаланып шыққан Талас Омарбекұлына да тұра сол аңыздарға қарағандай қарайтын болды. Тәкең маған бойында азыз бен ақиқаттың асыл жылғасы ағып жатқан таңғажайып тамаша жан сияқты болып көрінуші еді.

Тәуелсіздік таңы тарихшы ғалымның ғылыми ізденістеріне кең өріс ашты. 1991 жылдан бастап ғалым өзінің ғылыми зерттеулері мен ұстаздық қызметін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғастырды, іргелі еңбектерін осы университет қабырғасында жазды, Қазақстанда байлардың дүние-мұлкінің тәркіленуі мен жер аударылуы, кедейлердің күшпен ұжымдастырылуы туралы докторлық диссертация қорғады (1994). Доцент, профессор, кафедра менгерушісі, ғылыми зерттеу орталығының басшысы болып нәтижелі, жемісті қызмет етті.

Талас Омарбекұлы: «Тарихты жазу үшін адалдық керек», - дейтін. Қазақ, Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін ғалым осындай ұстынды ұстанымы негізінде сараптады, тарих шындығын шынайы қалпында танып, шынайы қалыпта танытты. Ғылыми тұжырымдары мен пікірлерін тарихи дерек көздеріне, архив құжаттарына негіздел түю, дәлелді дәйектеу ғұламаның ғылыми ойлауының ғана емес, кіслік болмысының да басты қасиеті еді. Ол тарих ғылымында ғана емес, өмірде де шындықты, шындыққа адалдықты ардақ тұтып өтті.

«Тарих тағылымы не дейді» (1993), «Зобалаң» (1995), «Қазақ шаруаларын меншігінен айыру және күшпен ұжымдастыру» (1997), «Қазақстан қасіреті» (1997), «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» (2003), «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» (2004), «Тарихпен өрілген тағдыр» (2007), «Қазақстандағы аштық» (2011) және басқа іргелі еңбектерінде қылыштық тарихын өзі ардақ тұтқан адалдық пен ақиқаттан таймай зерттеді. Кеңес заманында қарастырылмаған, қарастырылған, қарастырылған аса ірі, ұлттық мазмұны бай, өзекті шындық құбылыстардың тарихи, саяси мәнін ашты.

Ғалымның ғылыми жетекшілігімен және тең авторлығымен жазылып, жарыққа шыққан ұжымдық зерттеудердің де ғылыми және әлеуметтік маңызы үлкен. Бұл қатарда жиырма жеті том болып жарық көрген «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» ерекше назар аударады. Тоғыз том болып жарық көрген «Қазақтың этникалық тарихы», төрт кітаптан тұратын «Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» оқулықтары - ұлттық тарихтану ғылымының асыл қорын байытқан құнды еңбектер. Ғалымның осы бағытта жеке авторлығымен жазылған және жарияланған «Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры)» (2013), «Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX – XIY ғғ.)» (2014), «Қазақ хандары» (2017), «Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны» (2017), «Қазақтың шығу тегі» (2018) және т.б. көлемді ғылыми еңбектері отандық тарих ғылымының дамуындағы үлкен жетістік болды.

Тарихшы ғалымның бір пікірін ғана емес, бар ойын, тұтас

тұжырымдарын архив құжаттарына негізден жазуының қылышындықтары болды. Талас Омарбекұлы сол қындықтардың бәрін көтерді, бәрін жеңіп шықты. Бірақ бұл жеңістің ғалым үшін ауыртпалығы болмай қалған жоқ.

Тарихшы Талас Омарбекұлының ұлт тарихын зерттеудегі жолы қынның қыны, тіпті мемнантты жол болды. Тарихқа, халықтың, елдің, мемлекеттің тарихына адалдық, ақиқатқа адалдық, қияннаттан қырылған қарапайым халықтың рухы алдындағы, елдің өсер өркенінің алдындағы парыз бен қарыз ғалымды жылдар бойында осындай темірдей берік төзіммен, жанқияр ерік-жігермен, қайтпас қайсарлықпен еңбек етуге құлшындырыды. Ғылымда осыншалық темірдей берік төзіммен, жанқиярлық ерік-жігермен, қайтпас қайсарлықпен еңбек етудің қайнар көзі - біреу. Оның атын ерлік десек те, қаһармандық десек те, адалдық десек те, даналық десек те артық емес. Талас Омарбекұлының ұлт тарихын жазудағы төзімі мен ерік-жігерінің, қайтпас қайсарлығының негізінде, тарих шындығына деген адалдығының негізінде азаматтық даналық шырағы жанып тұрды.

Талас Омарбекұлы тиянақты талдаулары мен салиқалы сараптаулары арқылы тарихи, саяси, әлеуметтік маңызы ұлкен ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Бұған дейін зерттеу нысаны болмаған, ғылыми айналымға түспеген мұрағаттық деректер негізінде жүргізген зерттеу нәтижелері Қазақстан тарихы туралы ғылымды жаңа мазмұнмен, құнды қағидалармен байытты.

Талас Омарбекұлы Қазақстанның ұлттық жоғары мектебінің дамуына, Қазақстан тарихының ғылым пәні, оқу пәні ретінде жаңаша қалыптасуына, елдің тарихи танымының, қоғамдық санасының жаңғыруы мен жаңаруына, зияткерлік әлеуетінің артуына зор еңбек сіңірді.

Талас Омарбекұлының жарқын бейнесі біздің есімізде.

## АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ: ДӘУІРЛЕУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ

Х. Әбжанов,

ҰФА академигі

18 ғасыр ұлттық тарихымыздағы тағдыранықтағыш дәуір. 1723 жылғы әскери-гуманитарлық апattan қазақтың 3/2 қырылды, халық ретінде тарих сахнасынан түсіп қалуға шақ қалдық. Ол жайлы отандық, шетелдік авторлар жазған, әлі де жазып келеді.

18 ғасыр бойынша ұлттық тарихнамамыздың басы әрі нышаны «Елім ай» жыры. 18 ғасырда ақтабан шұбырындыға соқпай кеткен бірде-бір хан, бірде бір батыр, бірде-бір ақын-жырау, бірде-бір би-шешен жоқ. XIX ғасырда бұл тақырыпқа ғылыми тұрғыдан Ш. Уәлиханов қалам тербеді. «18 ғасыр батырлары туралы тарихи азыз-әңгімелер» мақаласында Жантай, Бөгенбай, Сырымбет, Баян, Малайсары, Байғозы, Жәнібек, Оразымбет, Елшібек батырлар ұлықталған.

XIX-XX ғасырлар тоғысында Ақтабан шұбырынды тарихнамасы Шәкәрім қажының, Әлихан мен Ахметтің, Халел мен Мұхамеджаннның,

## МАЗМҰНЫ

### ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛАС ОМАРБЕК: ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Дәдебаев Ж. Талас Омарбек: ғұмырбаян гибраттары.....	3
Әбжанов Х. Ақтабан шұбырынды: дәуірлеу және тұлғатану.....	5
Кәрібаев Б.Б. Профессор Талас Омарбековтың өмірі мен ғылыми шығармашылығы жөнінде (29.05.1948 – 06.12.2021) .....	7
Uli Schamiloglu The Potato and the Kazakh: The Origins of the Colonization of the Kazakh Steppe (An Essay in Comparative History).....	15
Тасилова Н.А. Қазақстан тарихы ғылымының дамуына сүбелі үлес қосқан ғалым - Талас Омарбеков.....	32
Стамшалов Е.И. Жетісудағы шаруаларға қарсы репрессияның зерттелуі және Талас Омарбековтың ғылыми мұрасы.....	35
Ибадуллаева Ы. «Кенесары - Наурызбайды» жырлаған Нысанбай жырау.....	46
Кариева Т.А. Қазақ қасіретін зерделеген ғалым.....	51

### ҚАЗАҚ ЭТНОГЕНЕЗІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Zhappassov Zh.E. Commercial relations of kazakhstan and russia in the XVI -XVIII centuries.....	59
Кошымова А.О. Этникалық үдерістердің негізгі ұғымдары мен концептуалды тұрғылары (аналитикалық шолу).....	68
Карибаев С.Ә. Кеңестік макта дайындау науқанышылдығы: барысы және қылмыстық кодекс баптарының қолданылуы.....	73
Нұржанбаева Ж.О., Қабыл А.Ә. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси құғын-сұргін кезінде орын алған ауакөшу тарихынан.....	84
Козгамбаева Г.Б. Түркістан облысына жер аударылған халықтар тарихы XX ғасырдың 30-50 жж. (шешен халқы мысалында).....	89
Оразбақов А.Ж., Бектұрған Н.Е. Қызыл террорда құрбан болған қызылорда облысы қармақшы ауданының азаматтары.....	96

### КЕҢЕСТИК ДӘУІРДЕГІ АШТЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҰРГІН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Махат Д. Қазақстандағы саяси құғын - сұргін: кезеңдері мен ерекшеліктері.....	106
Боранбаева Б.С. Бөкей Губерниясындағы ашаршылық (1920-1922 жж): себеп-салдары мен зардаптары.....	130
Нарматов И.С. 1920-1950 жылдардағы қазақстан аумағындағы саяси құғын-сұргін. кеңес өкіметінің көші-қон саясаты.....	138
Мырзатаев Н.Д., Арынов Ж.М. Қазақстан Республикасының қазіргі конституциясы мен оның негізгі жобасы ретінде алашорда мүшелерінің еңбектерін салыстырмалы талдау.....	146

### ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Салқынбек Д. Халқымыздың тұңғыш жоспарлаушы экономисі.....	167
Амалбекова Б.А. Бауыржан Момышұлының әскери қолбасшылық қызметі мен тарихи рухани мұрасы.....	187
Мамбетова Г.А. Антирелигиозные организации на территории казахстана: деятельность и роль в решении религиозных проблем в казахской земле. (XX в. 20-50 гг. на примере актюбинской области).....	198
Үсқақ Г.А. Музей қорындағы ерлер таққан әшекей бұйымдар шәуілдір, қазақстан.....	210